

Павлодар облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылған деп тану туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 348/12 қаулысы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабы 8-тармағына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі "Жалпы пайдаланымдағы облыстық және аудандық маңызы бар ақылы автомобиль жолымен жүріп өту үшін ақы алу қағидаларын бекіту туралы" № 105/4 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4475 болып тіркелген, 2015 жылғы 29 мамырда "Регион" газетінде жарияланған);

Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі "Жалпы пайдаланымдағы облыстық және аудандық маңызы бар ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін пайдалану қағидалары мен шарттарын **бекіту туралы**" № 106/4 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4476 болып тіркелген, 2015 жылғы 29 мамырда "Регион" газетінде жарияланған).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Д.Н. Тұрғановқа жүктелсін.

*Облыс әкімінің
міндетін атқарушы*

Д. Тұрғанов